

құралдарын жазалаушы сипатын, алимент төлеуге тиімді жағдай жасау арқылы өзгерту қажет. Егер біз алимент төлемеген немесе төлеуден жалтарған борышкерге неғұрлым жеңіл жаза түрін қолдана отырып, әсер ете алатын болсақ, неге біз онда қатаң жаза қажет?! Жеңіл жаза қолдану арқылы ғана борышкердің алимент төленуін қамтамасыз ететін жағдай жасай аламыз. Сондықтан, осы мақалада көтерілген мәселелердің шешу жолына мән беруіміз қажет.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Проект «Алименты. 30 шагов против неуплаты» [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=39564154#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39564154#pos=6;-106)
2. Петрова Наталья Дмитриевна История алиментных обязательств в советский период: проблемы теории и практики, т. I. // <https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-alimentnyh-obyazatelstv-v-sovetskiy-period-problemy-teorii-i-praktiki/viewer> // 24 б.
3. М.М.Нурбекова, Г.А.Ильясова Совершенствование механизма правового регулирования взыскания алиментов на содержание несовершеннолетних детей// Издательство КарГУ 2016 г. // С.290-296 // <https://rep.ksu.kz/handle/data/865?show=full>
4. Муратова С.А. и Костюченко Е.Ю. Современные подходы к ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение алиментных обязательств// <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-podhody-k-otvetstvennosti-za-neispolnenie-ili-nenadlezhashee-ispolnenie-alimentnyh-obyazatelstv>// 149 с.
5. М. Казтаев Ответственность за неуплату алиментов //Медиа-корпорации «ЗАҢ» // 2018 г. // <https://www.zakon.kz/4947643-otvetstvennost-za-neuplatu-alimentov-m.html>

УДК 347.94

### АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ СОТ САРАПТАМАСЫ

**Қаражанов Нұртілеу**

[Karazhanov.n@mail.ru](mailto:Karazhanov.n@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, азаматтық, еңбек және экологиялық құқық кафедрасының «Құқықтану» мамандығының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- з.ғ.к., доцент м.а. Б.Жусипова

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабына сәйкес «әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар» деген норма бекітілген[1].

Азаматтық сот ісін жүргізудегі сараптаманың ерекшелігі әрқашан істің кез-келген жағдайын дұрыс анықтау үшін ғылым, технология, өнер саласындағы маманның арнайы білімі қажет болған кезде соттың процедуралық шешімімен байланысты болып келеді.

Азаматтық процесте дәлелдемелердің түрі ретінде сот сараптамасы соттың заңды және шешім қабылдау үшін үлкен маңызға ие.

Азаматтық сот ісін жүргізудегі сараптама-бұл туындаған азаматтық-құқықтық дауды дұрыс шешу, тараптардың нақты құқықтары мен міндеттерін анықтау үшін маңызы бар жаңа дәлелдемелерді анықтау мақсатында сот ұсынған заттай дәлелдемелер мен материалдарды

зерттеу бойынша арнайы ғылыми білімі бар сарапшының іс жүргізу қызметі болып табылады.

Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың қарқынды дамуы мамандардың өзі нақты жауап бере алмайтын сұрақтарға мысалы, адамның дауысын сәйкестендіру, жазулардың орындалуы мерзімін анықтау, жазутану, қолжазбаны қасақана бұрмалайтын нақты адамның мәтін жазуы т.б) жаңа технологиялар саласында арнайы зерттеулердің жаңа түрлері компьютерлік-техникалық сараптама пайда болды.

Сот және сараптама практикасын талдау көрсеткендей, судьялардың басым көпшілігінде барлық сараптамалық қорытындыдан тек сарапшының тұжырымдары ғана қызығушылық тудырады.

«Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында сот-сараптама қызметінің міндеті қылмыстық, азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот сараптамасының нәтижелері бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету болып табылады деп белгіленген[2].

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде (бұдан әрі-АПК) сарапшының қорытындысы тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайлардың бар немесе жоқтығын, сондай-ақ басқа да мән-жайларды анықтайтын дәлелдемелердің бірі болып табылатыны белгіленген істі дұрыс қарау және шешу үшін маңызды[3].

Азаматтық сот ісін жүргізуде арнайы дәлелдеу түрлерінің ішінде сот сараптамасы негізгі болып табылады, оның мәні соттың ұйғарымы бойынша білімді сарапшының қарауына ұсынылатын сараптаманың материалдық объектілерін (заттай дәлелдемелерді), сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректерді анықтау мақсатында әртүрлі құжаттарды талдаудан тұрады.

Зерттеу нәтижелері бойынша сарапшы қорытынды жасайды, ол заңда көзделген дәлелдемелердің бірі болып табылады. АПК-ге сәйкес арнайы білімнің негізгі тасымалдаушысы сот сараптамасын жүргізу кезінде өзінің арнайы білімін іс жүргізу нысанында пайдаланатын сарапшы болып табылады.

Сот сараптама қызметі туралы Заңның 1-бабына сәйкес, арнайы ғылыми білім мазмұнын сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерінде іске асырылған ғылыми білім құрайтын арнайы білім саласы» деген анықтамасын берген, демек арнайы ғылыми білімін ісін жүргізуді сарапшы жүргізеді[2].

Азаматтық процесте арнайы білімді процессуалдық қолданудың басқа түрі қарастырылған. АПК - нің 77-бабына сәйкес қажет болған жағдайларда жазбаша немесе заттай дәлелдемелерді қарау, аудио-немесе бейнежазбаны жаңғырту, сараптама тағайындау, куәлардан жауап алу, дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау кезінде сот консультациялар, түсініктемелер алу және тікелей техникалық көмек көрсету (суретке түсіру, жоспарлар мен схемалар жасау, сараптама үшін үлгілерді іріктеу, мүлікті бағалау) үшін мамандарды тарта алады.

Маманның консультациялары ауызша немесе жазбаша нысанда, арнайы зерттеулер жүргізбестен, кәсіби білім негізінде беріледі.

Маманның жазбаша нысанда берген консультациясы сот отырысында жария етілетінін және іске тігілетінін, ал маманның ауызша нысанда берген консультациялары мен түсіндірмелері сот отырысының хаттамасына енгізілетінін атап өткен жөн. Консультацияны түсіндіру немесе толықтыру мақсатында маманға сұрақтар қойылуы мүмкін. Арнайы білімі мен тиісті ғылыми-техникалық құралдары бар Судья, негізінен, маманның көмегінсіз жасай алады, бірақ бұл жағдай шындыққа қарағанда гипотетикалық болып табылады. Сонымен бірге, педагог немесе психологтың он жастан асқан кәмілетке томаған баладан даудың нысаны бойынша жауап алуға қатысуы міндетті деп нақты көрсетілген.(АПК 77 бап, 5 тармағы)

АПК да маманның істерді қарауға қатысуын тікелей сипаттайтын баптары болмаса да, оларға осындай қатысу мүмкіндігі туралы жанама нұсқаулар бар деп болжанады.

Бұл, ең алдымен, заттай дәлелдемелердің орналасқан жері бойынша жазбаша және жазбаша тексерулер мен зерттеулер жүргізу кезінде техникалық құралдар мен арнайы білімді қолдану туралы болуы мүмкін. (АПК100-бап)

Зияткерлік құқықтардың бір объектісіне қатысты бірнеше адамның құқықтарын белгілеудің бірнеше көрінісі болуы мүмкін.

Сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес, сот автортану зерттеуде құжаттың авторы мен оның мәтінін жасау жағдайын туралы нақты деректерді анықтау үшін, ұсынылатын құжаттар: тексерілетін адамның қарастырылып отырған оқиғамен байланысты емес (хаттар, шимай дәптерлер, күнделіктердегі жеке жазбалар, өмірбаяндар, баянхаттар, түсініктемелер, баянаттар) құрастырған 15-20 құжат мөлшеріндегі жазбаша сөзінің (қолжазба, машинамен жазу, полиграфиялық сипаттағы) еркін үлгілері[4].

Соттың дауды әділ және дұрыс шешу мақсатында сот төрелігін жүзеге асыруы, негізінен, тараптар ұсынған дәлелдемелерге сүйенуден туындайды. Қолда бар дәлелдемелер негізінде сот істі қарау барысына және ол бойынша түпкілікті шешім қабылдауға әсер ететін жекелеген мән-жайлардың болуы немесе болмауы туралы қорытынды шығарады.

Іске қатысты болуы мүмкін дәлелдемелердің көп алуандығы оларды соттың зерттеуінде біршама қиындықтар туғызады. Белгілі бір түрдегі дәлелдермен жұмыс істеу кезінде олардың ерекшеліктері туралы нақты ақпарат пен білім қажет болуы мүмкін (дұрыс жою, зерттеу, тұтастығын және олардың функционалдық қасиеттерін бұзбай бағалау үшін) содан кейін сот процесіне қатысушылар арнайы білімі бар басқа адамдардың көмегіне жүгінуге мәжбүр болады.

Соттық дәлелдемелер адамның кез келген танымдық іс-әрекет процесінде пайдаланатын дәлелдемелерінен өзінің мазмұны бойынша ерекшеленбейтін өзінің іс жүргізу формасына ие.

Арнайы білімді қолданудың процессуалдық нысандарының бірі сот сараптамасы болып табылады.

Сот сараптамасы- ғылым, техника, өнер немесе қолөнер саласында арнайы білімді қажет ететін және сот, судья сарапшының алдына қоятын мәселелер бойынша зерттеу жүргізуден және сарапшының қорытынды беруінен тұратын іс жүргізу әрекеті.

Жоғарыда келтірілген анықтамаға негізделген сот сараптамасы бірқатар ерекше белгілерге ие:

1) сот сараптамасы іс жүргізу әрекеті болғандықтан, оны тағайындау, жүргізу және нәтижелерін ресімдеу қатаң белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Сонымен қатар, сарапшының құқықтары мен міндеттері де тіркеліп, жоғарыда көрсетілген тізімнен ауытқуға жол берілмейді;

2) сарапшыға қойылатын сұрақтар жалпыға бірдей белгі шеңберінен шығатын және осыған байланысты сот ісін жүргізу субъектілеріне ие емес арнайы білімді қажет етсе;

3) сот сараптамасының нәтижесі дәлелдемелік маңызы бар қорытынды болып табылады.

Ресей ғалымы М.К. Треушников сот сараптамасы мәселесінің қазіргі жағдайына сипаттама береді, оның ойынша «Сот сараптамасы – бұл сот-сараптамалық, қылмыстық, азаматтық және арбитраждық өндірісте зерттелетін күрделі ғылыми мәселе, Сот сараптамасының саласы үнемі тереңдей түсуде адамның танымдық мүмкіндіктерін дамыту, дұрыс білім алудың жаңа ғылыми әдістерін, ғылымның жаңа технологияларын жасау процесі қайтымсыз болып табылады» [4,187].

Сот сараптамасы институты ҚР АПК және Сот сараптама қызметі туралы заңнамасында көрсетілген. Сонымен, ҚР АПК сараптаманы тағайындау және жүргізу

тәртібін, сарапшының құқықтары мен міндеттерін белгілейтін бірқатар баптары нақтыланған.

ҚР АПК 82-бабында сот сараптама тағайындау тәртібі көрсетілген. Аталған нормада сараптама тағайындау негіздері, сараптама жүргізу тапсырылуы мүмкін субъектілер, сарапшыларға қойылатын міндеттер шеңберін анықтау тәртібі көрсетіледі.

Осы баптан олардың белгілі бір процессуалдық әрекетке қатысты кең құқықтары бар екені шығады: олар белгілі бір мекемеге немесе нақты сарапшыға сараптама жүргізуге өтініш бере алады, сарапшыға дау айта алады, сұрақтар құрастыра алады, іс жүргізу құжаттарымен таныса алады, іс жүргізу құжаттарымен танысу құқықтары және сарапшылардың жауаптылығы көзделінген. Бұл ретте тараптардың да белгілі бір міндеттері бар мысалы, сарапшыға сараптама жүргізуге қажетті материалдарды уақтылы және толық көлемде беру.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы// <https://adilet.zan.kz>
2. Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі//<https://adilet.zan.kz>
4. Сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 484 бұйрығы//<https://adilet.zan.kz>
5. Треушников М.К.Судебные доказательства. М.: ОАО «Издательский дом "Городец", 2004 -272 с.

УДК 347.23

## **ЗАЩИТА ПРАВА СОБСТВЕННОСТИ: ОСВОБОЖДЕНИЕ НЕЗАКОННО ЗАНЯТОГО НЕЖИЛОГО ПОМЕЩЕНИЯ**

**Мұхамеджан Диас Сайранұлы**

[dias\\_07@mail.ru](mailto:dias_07@mail.ru)

Магистрант 1-курса юридического факультета Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева город Нур-Султан, Республика Казахстан  
Научный руководитель: С.Жаркенова

Согласно положениям Конституции Республики Казахстан, каждый имеет право на судебную защиту своих прав и свобод [1]. Также, гражданин РК не может быть лишен своего имущества, а следовательно не может быть и выселен, без соответствующего на то решения суда.

Согласно статье 260 ГК собственник вправе истребовать свое имущество из чужого незаконного владения [2].

В соответствии с подпунктом 27 статьи 2 Закона «О жилищных отношениях» под нежилым помещением понимается отдельное внутреннее пространство в многоквартирном жилом доме, соответствующее строительным, санитарным, экологическим, противопожарным и другим обязательным нормам и правилам, границами которого являются внутренние поверхности стен, пола и потолка, используемое в иных, чем постоянное проживание, целях (офис, магазин, кафе, спортзал, мастерская, гостиница,